

Осы сақтандыру ережесін «Евразия» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде бір жақты тәртіппен әзірлеген және осы сақтандыру ережесіне қосылу және сақтандыру полисін беру жолымен жасалатын сақтандыру шарттарын, автомобиль көлігін сақтандыру шарттарын жасасу және орындау тәртібін айқындайды.

Осы сақтандыру ережелері сақтандырушының құқықтық қабілеттілігін шектемейді. Тараптардың осындай шарт бойынша міндеттемелерін айқындайтын автомобиль көлігін сақтандырудың нақты шартының шарттары осы сақтандыру ережелерінде айқындалады.

МАЗМҰНЫ:

- 1-бап. Жалпы ережелер
- 2-бап. Сақтанушы. Сақтандырылушы. Пайда алушы
- 3-бап. Сақтандыру объектісі
- 4-бап. Сақтандыру жағдайлары (тәуекелдер)
- 5-бап. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу
- 6-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі
- 7-бап. Сақтандыру сыйлықақысы / сақтандыру жарнасы
- 8-бап. Франшиза
- 9-бап. Сақтандыру шартын жасау тәртібі
- 10-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны
- 11-бап. Қосарлы сақтандыру
- 12-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері
- 13-бап. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдары
- 14-бап. Сақтандыру құпиясы
- 15-бап. Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеттері
- 16-бап. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығын мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі
- 17-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары
- 18-бап. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі
- 19-бап. Сақтанушының шығындарды өтеу құқығының Сақтандырушыға ауысуы (суброгация)
- 20-бап. Сақтандыру шартын тоқтату шарттары
- 21-бап. Қосымша шарттар
- 22-бап. Дауларды шешу тәртібі
- 23-бап. Сақтандыру омбудсманы, оның мәртебесі, қызметінің қағидаттары, сайлау тәртібі және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату.

1-бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Сақтандыру ережелерінің шарттарында «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ, бұдан әрі Сақтандырушы деп аталады, Сақтанушыны осы Сақтандыру ережелеріне қосу және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі жолымен автомобиль көлігін сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру шарты) жасайды.

2. Сақтандыру шарттары жеке (азаматтығына қарамастан) және заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) жасалады. Аталған тұлғалар бұдан әрі «Сақтанушы» деп аталады.

3. Автомобиль көлігін сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сыйлықақысы үшін Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына сақтандыру шарты жасалған өзге

тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

4. Осы Сақтандыру ережесіне сәйкес автомобиль көлігі ретінде мыналар түсініледі:

1) Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органының бөлімшелерінде тіркелген жеңіл көліктер, шағын автобустар, автобустар, жүк көлік құралдары;

2) Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген (әкелінген) жеңіл көліктер, шағын автобустар, автобустар, жүк көлік құралдары.

5. Осы сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру төлемі мынадай жағдайларда ғана жүзеге асырылады, егер:

1) Сақтанушы / Сақтандырылушы ЖКО жасағаны үшін кінәлі деп танылған болса және «Евразия» СК» АҚ-мен немесе КҚИ АҚЖМС түрі (класы) бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар басқа сақтандырушымен жасалған көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру полисі (бұдан әрі – «КҚИ АҚЖМС») бар болса. Мұндай жағдайда сақтандыру төлемі франшизаны шегергенде және сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспайтын нақты залал мөлшерінде жүзеге асырылады. Бұл ретте нақты залал Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 14 «Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес Сақтандырушы жасаған калькуляция негізінде айқындалады.

2) Сақтанушы / Сақтандырылушы ЖКО жасағаны үшін кінәсіз деп танылған болса. Мұндай жағдайда сақтандыру төлемі нақты залал сомасы мен сақтандырушы ЖКО-ға кінәлі тұлға төлеген соманың және сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспайтын соманың арасындағы айырма мөлшерінде жүзеге асырылады, бұл ретте нақты залал сомасы мамандандырылған ТҚҚ-да белгіленген жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары мен қосалқы бөлшектердің бағалары бойынша айқындалады. ЖКО-ға кінәлі тұлғада КҚТ АҚЖМС қолданыстағы полисі болмаған жағдайда, сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінде және сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады. Бұл ретте нақты залал Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 14 «Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес Сақтандырушы жасаған калькуляция негізінде айқындалады.

3) ЖКО екі немесе бірнеше тараптың кінәсінен, оның ішінде Сақтанушының/ Сақтандырылушының кінәсінен болса, онда сақтандыру төлемі Сақтандырылушының кінәсінің дәрежесіне барабар жүзеге асырылады. Бұл ретте, сақтандыру төлемінің мөлшері анықталады:

- ЖКО-да кінәлі тұлғада (кінәлі тұлғаларда) қолданыстағы КҚИ АҚЖМС полисі болған жағдайда, нақты залал сомасы мен Сақтандырушы ЖКО-да кінәлі тұлға (кінәлі тұлғалар) төлеген сома арасындағы айырма ретінде, франшизаны шегере отырып және сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан артық емес. Есептеу формуласы: $CB = ((PY - BCB) * K) - \Phi$, мұнда СВ – «Yes Casco» сақтандыру төлемі, PY – нақты залал сомасы, BCB – кінәлі тұлғаның Сақтандырушысының төлем сомасы, Φ – Франшиза, K – сақтандырылушының ЖКО-да кінәсінің дәрежесі;

- ЖКО-да кінәлі тұлғада (кінәлі тұлғаларда) қолданыстағы КҚИ АҚЖМС полисі болмаған жағдайда, франшизаны шегере отырып, нақты залал сомасы және сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан артық емес. Есептеу формуласы: $CB = (PY * K) - \Phi$, мұнда СВ – «Yes Casco» сақтандыру төлемі, PY – нақты залал сомасы, Φ – Франшиза, K – сақтандырылушының ЖКО-да кінәсінің дәрежесі.

Нақты залал сомасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 14 «Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес Сақтандырушы жасаған калькуляция негізінде айқындалады.

4) Сақтанушы (Сақтандырылушы немесе Пайда алушы) немесе оның өкілі Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесіне (бұдан әрі - ҚАА тізбесі) енгізілмеген.

6. Зақымданған көлік құралы үшін өтемнің жалпы сомасы (Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі және ЖКО-ға кінәлі тұлғаның Сақтандырушысы төлеген сома) сақтандыру шартын жасау сәтінде көлік құралының нарықтық құнынан аспауға тиіс.

2-бап. САҚТАНУШЫ. САҚТАНДЫРЫЛУШЫ. ПАЙДА АЛУШЫ

1. Сақтанушы-Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған тұлға.

2. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы – заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде оның осы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен тиісті құқықтық мирасқорға ауысады.

3. Сақтандырылушы – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға.

4. Сақтанушы сақтандыру шартында үшінші тұлғаны Сақтандырылушы ретінде анықтай алады.

5. Заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының іс-әрекетке қабілетті азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ тұлғалар сақтандырылушы бола алады.

6. Сақтандырылушының пайдасына Сақтандыру шартын жасау Сақтанушыны осы Сақтандыру шарты бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды.

7. Егер заңды тұлға сақтандырылушы болып табылса, онда сақтандыру арқылы қорғау Сақтандырылушының өкімі бойынша Сақтандыру шартында көрсетілген автомобиль көлігін пайдаланатын Сақтандырылушыға, Сақтандырылушының жүргізушілеріне (қызметкерлеріне) қолданылады. Сақтандырылушының аталған жүргізушілері (қызметкерлері) Сақтандыру шарты бойынша көлікті жүргізуге рұқсат берілген тұлғалар болып табылады.

8. Сақтанушыда, Сақтандырылушыда және/немесе автомобиль көлігін жүргізуге рұқсат берілген тұлғада¹ автомобиль көлігін жүргізу кезінде өзімен бірге мынадай құжаттар болуы тиіс:

- сақтандырылған автомобиль көлігін басқаруға мүмкіндік беретін рұқсат белгілері бар жүргізуші куәлігі;
- автомобиль көлігіне тіркеу құжаттары (көлік құралын тіркеу туралы куәлік немесе өзге де құжаттар);
- жолсапар парағы;
- егер автомобиль көлігі жалдау шартына сәйкес пайдаланылса, жалдау шарты.

9. Сақтанушы Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтанушының келісімімен кез келген тұлғаны Пайда алушы ретінде тағайындауға құқылы.

10. Сақтанушы, Сақтандырылушы (Сақтанушы болып табылмайтын), Пайда алушы автомобиль көлігін сақтандыру кезінде осы автомобиль көлігін сақтауға мүдделілік танытуы және автомобиль көлігін пайдалануы керек:

- меншік құқығында
- жедел басқару құқығында;
- жалдау, жалға беру шарты бойынша;
- Сақтанушы-заңды тұлғаның немесе Сақтанушы - жеке кәсіпкердің сенімхаты немесе жолсапар парағы бойынша.

11. Сақтанушының, Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылушының немесе Пайда алушының сақтандырылған автомобиль көлігін сақтауға мүддесі болмаған кезде жасалған сақтандыру шарты жарамсыз болады.

¹ Көлік құралын жүргізуге рұқсат берілген тұлға - заңды тұлғаның Сақтанушысынан немесе жеке кәсіпкердің Сақтанушысынан жолсапар парағы бойынша көлік құралын жүргізетін тұлға.

12. Сақтанушы «Евразия» СК» АҚ-мен немесе КҚИ АҚЖМС түрі (класы) бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар басқа Сақтандырушымен жасалған көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисінде Сақтандырылушының құрамына өзгерістер енгізген жағдайларды қоспағанда, осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтанушы Сақтандыру шартына Сақтандырылған тұлғалардың құрамын немесе санын өзгерту бөлігінде ол жасалғаннан кейін өзгерістер енгізе алмайды.

3-бап. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

1. Сақтандыру объектісі Сақтанушының автомобиль көлігін, сондай-ақ, егер бұл сақтандыру шартында көзделген болса, қосымша жабдықты иеленуге, пайдалануға және / немесе оған билік етуге байланысты мүлктік мүдделері болып табылады.

2. Осы Сақтандыру ережелерінің негізінде жасалған Сақтандыру шарты бойынша келесі автомобиль көлігі (бұдан әрі – автомобиль көлігі) сақтандырылады:

жеңіл, жүк көліктері, шағын автобустар, автобустар.

Шығарылған жылы 20 (жиырма) жылдан асқан автомобиль көліктері сақтандыруға жатпайды. Мұндай шарт жасалған жағдайда-шарт жасалмаған болып есептеледі және Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын қайтарады және сақтандыру жағдайы басталған кезде – сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

3. Осы Сақтандыру ережелерінің негізінде берілген Сақтандыру шартына сәйкес бір ғана көлік құралы сақтандырылуы мүмкін, кері жағдайда сақтандыру арқылы қорғау қолданылмайды.

4-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ (ТӘУЕКЕЛДЕР)

1. Сақтандыру жағдайы - оның туындау ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілері бар оқиға, оның басталуымен Сақтандырушының Сақтанушыға (Пайда алушыға)сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайды.

2. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша тек **қана жол-көлік оқиғасы (ЖКО)** салдарынан автомобиль көлігінен айырылу (жойылу)немесе зақымдану қаупі сақтандырылады: автомобиль көлігі жолымен жүру процесінде және оның қатысуымен басқа автомобиль көлігімен соқтығысу, басқа көлік құралымен соқтығысу нәтижесінде аударылу, басқа көлік құралымен соқтығысу нәтижесінде су басу орын алған оқиға.

Сақтандыру жағдайы мынадай шарттарда туындаған болып есептеледі:

1) егер Сақтанушы/Сақтандырылушы ЖКО жасағаны үшін кінәлі деп танылмаса, ал осы ЖКО кінәлі тұлғаның КҚИ АҚЖМС бойынша қолданыстағы полисі болса және кінәлі тараптың сақтандырушысы ЖКО-ны КҚИ АҚЖМС тиісті полисі бойынша сақтандыру жағдайы деп таныса.

2) егер Сақтанушы/Сақтандырылушы ЖКО жасағаны үшін кінәлі деп танылмаса, ал осы ЖКО кінәлі тұлғасында қолданыстағы КҚИ АҚЖМС бойынша полис болмаса.

3) егер Сақтанушы/Сақтандырылушы ЖКО жасағаны үшін кінәлі деп танылса, ал Сақтанушының/Сақтандырылушының «Евразия» СК» АҚ КҚИ АҚЖМС немесе басқа Сақтандырушының КҚИ АҚЖМС бойынша қолданыстағы полисі болса, және «Евразия» СК» АҚ немесе басқа Сақтандырушы ЖКО-ны КҚИ АҚЖМС тиісті полисі бойынша сақтандыру жағдайы деп таныса.

4) егер ЖКО екі немесе бірнеше Тараптың кінәсінен, оның ішінде Сақтанушының/Сақтандырылушының кінәсінен болған жағдайда және осы ЖКО кінәлі тұлғасының (кінәлі тұлғаларының) КҚИ АҚЖМС бойынша қолданыстағы полисі және кінәлі тараптың Сақтандырушысы болған жағдайда, ЖКО КҚИ АҚЖМС тиісті полисі бойынша сақтандыру жағдайы деп таныса.

5) егер ЖКО екі немесе бірнеше Тараптың, оның ішінде Сақтанушының/ Сақтандырылушының кінәсінен орын алса, ал осы ЖКО кінәлі тұлғасының (кінәлі тұлғаларының) КҚИ АҚЖМС бойынша қолданыстағы полисі болмаса.

5-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

1. Сақтандыруға жатпайды, ал сақтандыру шарты жасалған жағдайда сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды, егер:

1) автомобиль көлігі кашеринг үшін қолданылатын болса;
2) автомобиль көлігін автобус паркттері, автобазалар, автошаруашылықтар, коммуналдық қызметтер, азық-түлік жеткізу қызметтері және т.б., сондай-ақ такси ретінде пайдаланатын болса.

2. Сақтандыруға автомобиль көлігінің мынадай түрлері қабылданбайды:

1) шанағы мен лак-бояу жабынына айтарлықтай коррозиялық немесе механикалық зақым келтірілген автомобиль көлігі. Корпустың айтарлықтай коррозиясы металдың түсуімен немесе дәнекерленген қосылыстардың коррозиясымен тесіп өтетін коррозияны білдіреді. Елеулі механикалық зақымданулар деп автомобиль көлігі пайдалануға жарамсыз болатын механикалық зақымданулар түсініледі;

2) шанағының, қозғалтқышының нөмірі жоқ немесе тіркеу құжаттарына сәйкес келмейтін автомобиль көлігі;

3) Қазақстан Республикасына кірген кезде кедендік ресімдеу рәсімінен өтпеген автомобиль көлігі;

4) сақтандырылған автомобиль көлігіндегі антикварлық және бірегей заттар, бағалы металдардан, жартылай бағалы және қолдан жасалған тастардан жасалған бұйымдар, коллекциялар, қолжазбалар, картиналар, діни табыну заттары, ақша белгілері, бағалы қағаздар, құжаттар, фотосуреттер, атыс қаруы және жарылғыш заттар, сондай-ақ Сақтандырылушы мен оның отбасы мүшелеріне тиесілі емес не сатуға арналған немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты заттар;

5) антирадарлар, алынбалы автомобиль радиосының панельдері, алынбалы автомобиль радиосы, видео техника, компьютерлер және автомобильге орнатылған басқа да ұқсас жабдықтар.

6) зауыттық жиынтыққа кірмейтін қосымша жабдық.

3. Егер автомобиль көлігінің жоғалуы (жойылуы) немесе бүлінуі төменде көрсетілген бір немесе бірнеше фактілер болған кезде орын алса, сақтандыру жағдайы болып табылмайды және сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:

1) соғыс; басып кіру; шет мемлекеттің дұшпандық әрекеттері; әскери немесе соған ұқсас операциялар (соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;

2) бүлік; ереуілдер; локауттар; халық көтерілісінің көлеміне ие болатын немесе оған дейін өсетін азаматтық тәртіпсіздіктер; бүлік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; билікті әскери басып алу немесе тартып алу; тәркілеу; мүлікті реквизициялау немесе мемлекет меншігіне алу; террористік акциялар;

3) радиоактивті сәулелену немесе атом отынын жағудан радиоактивті қалдықтармен немесе радиоактивті қалдықтармен ластану;

4) сақтанушының немесе сақтандырылушының не сақтандыру жағдайының басталуына ықпал ететін автомобиль көлігі басқармасына жіберілген өзге де адамдардың қасақана іс-әрекеттері;

5) Сақтанушының, Сақтандырылушылардың немесе басқаруға жіберілген өзге де адамдардың алкогольдік, уыттылық немесе есірткілік мас күйінде немесе автомобиль көлігін басқару кезінде қолдануға қарсы көрсетілімдері бар дәрі-дәрмек препараттарының әсерімен автомобиль көлігін басқаруы;

6) тиісті санаттағы автомобиль көлігін басқару құқығына жүргізуші куәлігі жоқ тұлғаға автомобиль көлігін беру немесе басқару;

- 7) Сақтанушының (Сақтандырылушының) - заңды тұлғаның жүргізушісі (қызметкері) қызметтік уақытынан және тапсырмасынан тыс, жолсапар парағынсыз автомобиль көлігін пайдалануы;
- 8) осы Шартта Сақтандырылушы ретінде көрсетілмеген тұлғаның автомобиль көлігін басқаруы кезінде;
- 9) автомобиль көлігін сынақтарда, спорттық немесе оқу мақсаттарында пайдалану;
- 10) автомобиль көлігін заңсыз мақсаттарда немесе Сақтандыру шартында көрсетілгеннен басқа мақсаттарда пайдалану;
- 11) Сақтандырушымен жазбаша келісімінсіз автомобиль көлігін жалға, лизингке немесе прокатқа беру;
- 12) Сақтанушының, Сақтандырылушының немесе көлік құралын жүргізуге рұқсат берілген өзге тұлғаның автомобиль көлігін (көлік құралдарын) пайдалану ережелерін, оның ішінде техникалық ақаулы автомобиль көлігін, белгіленген тәртіппен техникалық байқаудан өтпеген автомобиль көлігін пайдалану ережелерін бұзуы, сондай-ақ сақтандыру жағдайына себеп болған өрт қауіпсіздігі қағидаларын, өрт қауіпті және жарылыс қауіпті заттектер мен заттарды тасымалдау және сақтау ережелерін, жүктерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптарын (жол жүрісі қағидаларына сәйкес) бұзуы;
- 13) сақтандыру аумағынан тыс немесе сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңінен тыс сақтандыру жағдайының басталуы;
- 14) сақтандыру жағдайы ретінде осы Ережелерде көрсетілмеген оқиғалар;
- 15) Сақтанушы, Сақтандырылушы немесе автомобиль көлігін басқаруға рұқсат берілген тұлға ЖКО орнынан қашып кеткен және / немесе автомобиль көлігіндегі не онсыз ЖКО орнынан кеткен немесе ЖКО сәтінен бастап 6 (алты) сағат ішінде алкогольдік, уыттылық немесе есірткілік масаңдықты айқындау мәніне медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтпеген кезде;
- 16) тозу, тот, коррозия, көгеру, зең басу, дымқыл немесе құрғақ шірік, біртіндеп нашарлау, жасырын ақаулар, туа біткен ақаулар, баяу дамып келе жатқан деформация немесе бұрмалану, жәндіктердің қалдықтары, кез келген түрдегі паразиттер / микробтардың әрекеттері және кеміргіштер, зауыттық ақау;
- 17) шатырдан немесе люктерден ағып кетулер (егер болған сақтандыру жағдайының салдарынан шатыр немесе люктер бүлінбесе) немесе әйнектердің ашық қалуы;
- 18) жобадағы (дизайндағы), ерекшеліктердегі, өндірістегі, материалдардағы қателер мен қате есептеулер;
- 19) жол-көлік оқиғасынан кейін туындаған өрт;
- 20) автомобиль көлігін көліктің кез келген түрімен тасымалдау;
- 21) сақтандыру жағдайы кезінде немесе оның алдында автомобиль көлігіндегі жолаушылардың жалпы саны автомобиль көлігінің осы моделі үшін белгіленген ең жоғары деңгейден асып кеткен және/немесе автомобиль көлігі жүктемесінің шекті нормаларынан асып кеткен кез келген себеппен;
- 22) жылдың осы уақытына және белгілі бір жерге тән әдеттегі ауа-райы мен табиғи жағдайлардың/құбылыстардың әсері;
- 23) қозғалмайтын заттарға, жануарларға және көлік құралдары болып табылмайтын өзге де заттарға соғылу нәтижесінде Сақтандырылған көлік құралының зақымдануы немесе жойылуы.
- 4. Сақтандыру жағдайы болып табылмайды:**
- 1) құрал-саймандар жиынтығының, алғашқы медициналық көмек қобдишасының, өрт сөндіргіштің, авариялық тоқтату белгісінің, стационарлық ұрлыққа қарсы құралдардың, егер оларды дайындаушы зауыт орнатқан болса немесе қосымша жабдық ретінде сақтандырылмаған болса, залалдары, зақымдануы, жойылуы;
- 2) егер осы сақтандыру жағдайынан туындаған автомобиль көлігінің басқа тораптары мен бөлшектеріне зақым келмесе, шиналардың немесе дөңгелек дискілерінің зақымдануынан болатын залалдар;

3) автомобиль көлігі бөлшектерінің, тораптары мен агрегаттарының сынуы, істен шығуы, істен шығуы салдарынан, оның ішінде агрегаттардың ішкі қуыстарына бөгде заттар мен заттардың түсуі салдарынан болған залалдар;

4) автомобиль көлігінің, қосымша жабдықтың табиғи тозуына байланысты шығындар;

5) тенттің зақымдануынан туындаған шығындар-жүк автомобильдерін, жеңіл автомобильдердің, тіркемелер мен жартылай тіркемелердің жүк модификацияларын сақтандыру кезінде.

4. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:

1) жанама және коммерциялық шығындар, оның ішінде тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды жүргізу (қызметтер көрсету), келісімшарттар (шарттар) бойынша өзге де міндеттемелер мерзімдерінің бұзылуына байланысты шығындар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және т. б.), ұтылған пайда; сақтандыру жағдайының салдары болып табылатын өзге де шығыстар (әкімшілік айыппұлдар және өзге де мемлекеттік төлемдер; жалға алынатын автомобиль көлігін пайдаланғаны үшін төлемдер; жөндеу кезінде қонақ үйде тұрғаны үшін төлемдер; іссапар шығыстары; табыстың жоғалуы; тоқтап қалудан туындаған шығындар; тұрақ және күзет үшін төлемдер, зақымдалған автомобиль көлігін тасымалдау шығындары);

2) моральдық зиян;

3) сот шығындары;

4) автомобиль көлігінің тауарлық құнының жоғалуы.

5. Осы Ережелерге сәйкес жазып берілген сақтандыру полисі кез келген жағдайда кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені, бағдарламалық қамтамасыз етуді, кодты, вирусты немесе процесті немесе өзге де кез келген электрондық жүйені зиянды пайдаланудан немесе қолданудан (зиян келтіру құралы ретінде) тікелей немесе жанама түрде туындаған, арандатқан немесе туындайтын шығындарды, залалды, жауапкершілікті немесе шығыстарды өтемейді.

6. Осы Ережелерге сәйкес жазып берілген сақтандыру полисі кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді немесе кез келген қаруды немесе снарядты ұшыру және/немесе бағыттау және/немесе ұшыру механизмі жүйесінде өзге электрондық жүйені пайдалану нәтижесінде туындайтын шығындарды өтемейді.

6-бап. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

1. Сақтандыру сомасы-сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

2. Сақтандыру сомасы Сақтандыру шартында көрсетіледі және Сақтандырушы айқындайды. Осы сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру сомасы көлік құралының нақты құнынан аз болуы мүмкін.

7-бап. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ / САҚТАНДЫРУ ЖАРНАСЫ

1. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартында белгіленеді және Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жасау міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасын білдіреді.

2. Сақтандыру шартында жалпы сақтандыру сыйлықақысы белгіленеді.

3. Сақтандырушы төлеуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларына байланысты айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне көтеретін және төмендететін коэффициенттерді пайдалануға құқылы: шығарылған жылы, дабыл жүйесінің болуы, коммерциялық мақсатта пайдалану.

4. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы біржолғы, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда төлеуге тиіс. Сақтандырушының Интернет-ресурсы арқылы сақтандыру шартын жасаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын осы Интернет-ресурс арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін ұсынады.

5. Сақтанушы Сақтандыру шартында көрсетілген мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын

(сақтандыру жарнасын) төлемеген күннен бастап жай жазбаша хабарлама жолымен Сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

6. Егер сақтандыру жағдайы енгізілуі мерзімі өткен белгілі бір сақтандыру жарнасын (сақтандыру сыйлықақысын) төлегенге дейін басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының (сақтандыру сыйлықақысының) сомасын есепке жатқызуға не сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

8-бап. ФРАНШИЗА

1. Сақтандыру шартында шарт қойылмайтын (шегерілетін) франшиза көзделуі мүмкін - Сақтанушының сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалды өтеуге өзінің қатысуы. Франшиза сақтандыру сомасының пайызымен де, белгіленген сома түрінде де белгіленуі мүмкін.

2. Егер Сақтанушы / Сақтандырылушы ЖКО жасағаны үшін кінәлі болса немесе ЖКО кінәлі тұлғасы анықталмаса және белгіленбесе, онда шарт қойылмайтын франшиза қолданылады, оның мөлшері сақтандыру шартында көрсетіледі.

Егер Сақтанушы / Сақтандырылушы ЖКО жасағаны үшін кінәлі болмаса, онда франшиза қолданылмайды.

9-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

1. Сақтандыру шарты Сақтанушының қалауы бойынша Компанияның «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау ережесіне» сәйкес тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсыну не Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында ақпарат алмасу кезінде Сақтандырушыға жазбаша өтініш жасау жолымен Сақтандырушының Интернет-ресурсын пайдалана отырып электрондық нысанда жасалуы мүмкін.

2. Сақтанушының жазбаша өтініш-сауалнамасы Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның басталуынан (сақтандыру тәуекелінен) ықтимал залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті.

4. Келесі жағдайлар маңызды деп танылады:

- Сақтанушының заңды тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты немесе толық атауы;
- тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, телефон нөмірі, банк деректемелері;
- Сақтандырылушы және Пайда алушы туралы нұсқау;
- автомобиль көлігін жүргізуге рұқсат берілген тұлғалар туралы мәліметтер;
- сақтандыру аумағы туралы нұсқау;
- сақтандырылатын автомобиль көлігінің тізбесі, олардың сипаттамалары;
- автомобиль көлігін пайдалану мақсаттары туралы нұсқау;
- көлік құралының техникалық жағдайы;
- көлік құралын жалға беру немесе такси ретінде пайдалану;
- автомобиль көлігін пайдалану негіздері (меншік құқығы; жедел басқару құқығы; жалдау, жалға алу шарты; сенімхат бойынша);
- сақтандыруға жататын автомобиль көлігінде сақтандыру шартын жасау сәтіндегі зақымданулар мен ақаулар;
- басқа тұлғалар тарапынан автомобиль көлігіне қатысты шағымдардың, сот талаптарының болуы туралы немесе сот шешімдерінің болуы туралы мәліметтер;
- өздігінен орнатылған электр және өзге де жабдықтың болуы, электрондық ұрлыққа қарсы дабыл жүйесінің болуы туралы мәліметтер;
- сақтандыру жүзеге асырылатын сақтандыру жағдайларының тізбесі;

- автомобиль көлігінің сақтандыру және нақты құны;
- сақтандыру сомасының мөлшері;
- Шарттың қолданылу мерзімі;
- сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі (біржолғы, бөліп-бөліп);
- өтініш-сауалнамада көрсетілген ақпарат.

5. Сақтандырушы өтініш-сауалнаманың нысанын және сұрау салынатын мәліметтерін өзгертуге құқылы.

6. Сақтанушы сақтандырылатын автомобиль көлігіне қатысты сақтандыру тәуекелін айқындау мақсатында оған Сақтандырушы қойған өзге де сұрақтарға жауап беруге міндетті.

7. Сақтандырылған автомобиль көлігі туралы ақпараттың дұрыстығы үшін Сақтанушы жауапты болады.

8. Егер Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға осы баптың 4-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

9. Өтініш-сауалнамада көрсетілуге жататын мәліметтер мен мән-жайлардың толық еместігі үшін сақтанушы жауапкершілікті өз мойнына алады. Өтініш-сауалнамада көрсетілген талаптардың толық болмауы салдарынан оның мазмұны бойынша дау туындаған жағдайда дау Сақтандырушының пайдасына шешіледі.

10. Егер Сақтанушы үнсіз қалдырған мән-жайлар мәнін жоғалтып алса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

11. Қажет болған жағдайда Сақтанушы сақтандыруға ұсынылатын автомобиль көлігіне меншік құқығын (пайдалану, иелену және / немесе билік ету құқығын) растайтын және оның құны туралы куәландыратын және оны сипаттайтын деректерді қоса беруге тиіс.

12. Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушы Сақтанушыдан талап етуге құқылы:

- автомобиль көлігін тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуді;
- егер сақтандыру шарты үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері жағдайында сақтандыруды көздейтін болса, автомобиль көлігінде айдап әкетуге қарсы электрондық дабыл жүйесін (АҚЭД) орнатуды.

13. Сақтандырушы автомобиль көлігінің бар-жоғын және жай-күйін, Сақтанушы хабарлаған автомобиль көлігі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеруге (тексеруді жүргізуге), ал қажет болған жағдайда оның нақты құны мен тәуекел дәрежесін белгілеу мақсатында сараптама тағайындауға құқылы.

14. Сақтандыру шарты Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беру жолымен жасалады (осы Ережелерге №1 қосымша).

15. Сақтандыру шартының талаптарындағы кез келген өзгерістер сақтандыру шартын бұзу және өзгерістерді ескере отырып жаңа сақтандыру шартын жасау жолымен ресімделеді.

16. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында сақтандыру шартын жасау кезінде келісімге қол жеткізілуі тиіс:

- 1) сақтандыру объектісі болып табылатын белгілі бір мүлік не өзге де мүліктік мүдде туралы;
- 2) орын алған жағдайда сақтандыру (сақтандыру жағдайы) жүзеге асырылатын оқиғаның сипаты туралы;
- 3) сақтандыру сомасының мөлшері туралы;
- 4) шарттың қолданылу мерзімі туралы».

10-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

1. Сақтандыру шарты Сақтандыру шарты жасалған күннен кейінгі күннен бастап не Сақтандыру шартында көрсетілген неғұрлым кеш күннен бастап күшіне енеді.

2. Сақтандыру шарты осы Сақтандыру ережесінің 20-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес өзінің қолданылуын тоқтатады.

3. Сақтандыру шарты 1 күнтізбелік жыл кезеңіне жасалады.

4. Сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімі Сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.
5. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) Сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана қолданылады.

11-бап. ҚОСАРЛЫ САҚТАНДЫРУ

1. Қосарлы сақтандыру - әрқайсысымен дербес шарттар бойынша бірнеше сақтандырушыларда бір объектіні сақтандыру.
2. Қосарлы сақтандыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының) алдында онымен жасалған сақтандыру шарты шегінде мүлктік жауаптылықта болады, алайда Пайда алушы барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауға тиіс.
3. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қосарлы сақтандыру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға өзге сақтандыру компанияларында сақтандыру төлемі мәселесін реттеуге қатысты барлық мәліметтерді, оның ішінде өзге сақтандыру компанияларынан алынған сақтандыру төлемінің мөлшері туралы мәліметтерді беруге міндетті.
4. Қосарлы сақтандыру кезінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын анықтауға, сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген залалдардың мөлшерін басқа сақтандыру компанияларымен бірлесіп айқындауға құқылы.

12-бап. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушы құқылы:
 - 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі және қаржылық орнықтылығы туралы ақпаратты талап етуге міндетті;
 - 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде, егер ол сақтандыру шарты бойынша Пайда алушы болып табылса, сақтандыру төлемін алуға;
 - 3) осы сақтандыру ережелерінің көшірмесін алуға құқылы.
2. Сақтанушы міндетті:
 - 1) Сақтанушыға тиісті тексеру жүргізу шеңберінде Сақтандырушы сұратқан барлық құжаттар мен ақпаратты беруге;
 - 2) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және сақтандырушының сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
 - 3) басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын автомобиль көлігін Сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
 - 4) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
 - 5) сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы дереу хабарлауға;
 - 6) Сақтандырылушылардың назарына осы сақтандыру ережелерінің талаптарын жеткізуге;
 - 7) сақтандыру талаптарын орындауға (Сақтандырылушылардың сақтандыру шартының талаптарын бұзуы Сақтанушының өзі сақтандыру шартының талаптарын бұзуы ретінде бағаланады);
 - 8) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімдер мен тәртіппен, бірақ кез келген жағдайда осындай оқиға туындаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға;
 - 9) сақтандыру жағдайынан шығынның алдын алу немесе азайту бойынша барлық мүмкін және орынды шараларды қабылдауға;
 - 10) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдарын, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшерін бағалауға мүмкіндік беретін барлық ақпаратты беруге;

11) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап ету құқығын Сақтандырушыға көшуді қамтамасыз етуге.

3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтанушыдан клиенттерге тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты талап етуге;
- 2) Сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандырылатын автомобиль көлігін қарап тексеру жүргізілсін, ал қажет болған жағдайда оның нақты құнын белгілеу мақсатында сараптама тағайындауға;
- 3) Сақтанушы (Сақтандырылушы) ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру шартының талаптары мен талаптарын орындауын тексеруге;
- 4) зақымданған автомобиль көлігін тексеруге қатысуға;
- 5) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға, оның ішінде сұрау салуларды құзыретті органдарға жіберуге;
- 6) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылушыдан осы Сақтандыру ережелерінің 16-бабында көзделген сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды талап етуге;
- 7) Сақтанушының (Сақтандырылушының) немесе оның уәкілетті тұлғасының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін ниеті және сақтанушының сақтандыру жағдайынан шығынды азайту жөніндегі шараларды қасақана қабылдамауы, сондай-ақ Сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын орындамаған не Сақтанушыны (Сақтандырылушыны/ Пайда алушыны) бұл туралы жазбаша хабардар ете отырып, оқиғаны сақтандыру жағдайы деп танымаған жағдайда сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 8) тәуекелдің туындауына ықпал ететін мән-жайлардың болуын кез келген уақытта инспекциялауға және тексеруге;
- 9) тәуекел дәрежесі ұлғайған жағдайда Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге.
- 10) Сақтанушының бастамасы бойынша сақтандыру шартына өзгерістер енгізілген жағдайда Сақтандырушының кез келген себеп бойынша қайта ресімдегені/шартқа кез келген өзгерістер енгізгені үшін сақтандыру шартында көрсетілген мөлшерде сервистік алым алуға.

4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны осы Сақтандыру ережелерімен таныстыруға және олардың көшірмесін беруге;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 3) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсалған ақылға қонымды және орынды шығыстарды өтеуге;
- 4) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны тіркеуге;
- 5) Сақтанушының өтініші бойынша ұсынылған құжаттардың тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге;
- 6) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 7) Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың толық пакетін ұсынбаған жағдайда, бұл туралы Сақтанушыны соңғы құжат ұсынылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде хабардар етуге.
- 8) келесі жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
 - Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде (бұдан әрі - ҚМА тізбесі) болуы;
 - Сақтанушының/ Сақтандырылушының тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарын, сондай-ақ Сақтандырушының сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;

- ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.

13-бап. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ КЕЗЕҢІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮЫНЫҢ САЛДАРЫ

1. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылушы), егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу жазбаша хабарлауға міндетті.

2. Кез келген жағдайда келесі өзгерістер мен жағдайлар маңызды деп танылады:

- 1) автомобиль көлігін сақтандыру аумағынан тыс пайдалану;
- 2) автомобиль көлігін жалға, лизингке, прокатқа, кепілге беру немесе өзге де ауыртпалық салу, автомобиль көлігін пайдалану сипатындағы елеулі өзгерістер, есептен шығару, жол полициясы органдарында қайта тіркеу;
- 3) автомобиль көлігін сату немесе басқасына ауыстыру, шанақты/қозғалтқышты ауыстыру, қосымша жабдықты орнату;
- 4) автомобиль көлігін пайдалану және сақтау сипаты мен мақсаттарындағы елеулі өзгерістер;
- 5) сақтандырылған автомобиль көлігіне тіркеу құжаттарын, автомобиль көлігінің кілттерін, сигнализацияны басқару пультын, тіркеу (мемлекеттік) нөмірлерін (белгілерін) жоғалту, ұрлау немесе ауыстыру;
- 6) Шартта көрсетілмеген тұлғаға сенімхат беру немесе автомобиль көлігіне билік ету (басқару) құқығын беру;
- 7) қосарлы сақтандырудың болуы;
- 8) көлік құралының ақаулығының болуы.

Сақтандыру шартында тәуекел дәрежесінің ұлғаюына әсер ететін басқа да елеулі өзгерістер келісілуі мүмкін.

3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

4. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының шарттарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын қайтару тәртібі осы Сақтандыру ережесімен белгіленеді.

5. Сақтанушы осы баптың 1-тармағында көзделген міндетті орындамаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және оның бұзылуынан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

6. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылған болса, сақтандырушының Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқығы жоқ.

14-бап. САҚТАНДЫРУ ҚҰПИЯСЫ

1. Сақтандыру құпиясы сақтандыру сомасының мөлшері, төленген сақтандыру сыйлықақылары, Сақтанушының, сақтандырылушының немесе пайда алушының жеке басына қатысты сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының өзге де талаптары туралы мәліметтерді қамтиды.

2. Сақтандыру нарығының басқа кәсіби қатысушысына не сақтандыру агентіне қайта сақтандыру шарттарын жасауға немесе бірлесіп сақтандыру жөніндегі қатынастарға байланысты ақпарат беру жағдайларын, сондай-ақ осы сақтандыру ережелерінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушы өзінің кәсіби қызметі нәтижесінде алған сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етуге құқылы емес.

3. Сақтандыру құпиясын қамтитын мәліметтер беріледі:

- 1) Сақтанушының (Пайда алушының) өкіліне - нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде;

- 2) анықтау және алдын ала тергеу органына - оның іс жүргізуіндегі қылмыстық істер бойынша;
 - 3) сотқа - соттың ұйғарымы немесе Қаулысы негізінде оның іс жүргізуіндегі істер бойынша;
 - 4) прокурорға - өз құзыреті шегінде оның қарауындағы материалдар бойынша тексеру жүргізу туралы қаулы негізінде;
 - 5) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға - Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында көзделген мақсаттарда және тәртіппен;
 - 6) «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясына Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 59-бабының 4-тармағында көзделген мақсаттарда;
 - 7) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға мыналарға қатысты:
тексерілетін жеке тұлғалар жасаған сақтандыру шарттарына;
пайда алушылары бейрезидент- жеке тұлғалар болып табылатын жинақтаушы сақтандыру шарттарының;
 - 8) барлау және (немесе) зиянкестік акциялардың алдын алу, ашу және жолын кесу мақсатында прокурордың санкциясымен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары мен Мемлекеттік күзет қызметіне;
 - 9) уәкілетті мемлекеттік органға - сақтандыру қызметін қадағалауды жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша;
 - 10) Қазақстан Республикасының резиденті-сақтандыру холдингіне - сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерін есептеу, сондай-ақ сақтандыру тобының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру мақсаттары үшін;
